

Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен тарифтік ставкаларына салалық коэффициент пен үстемеақы белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 сәуір 1993 ж. № 301. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1098 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.12.2015 № 1098 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ерекше еңбек жағдайларын еске ала отырып және Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығын (бұдан байтай - Орталық) әртүрлі саладағы жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Орталық Бас дирекцияның басшылары мен негізгі мамандарына

(N 1 қосымша) лауазымдық жалақы мөлшері Орталық құрамына кіретін ғылыми мекемелер қызметкерлері тиісті санатының лауазымдық жалақысынан 15 процент жоғары болып белгіленсін.

2. Орталықтың негізгі жұмысында істейтін қызметкерлерге
(N 2 қосымша) мынадай салалық коэффициент белгіленсін:

"Бурабай" геофизикалық обсерваториясы мен

N 35 геофизикалық тобына - 1,3

Ядролық физика институтына - 1,7

Курчатов қаласындағы Орталық объектілеріне - 2,4

Өнеркәсіп аймақтарының шалғайдағы объектілеріне - 2,9

3. Орталықтың қызмет көрсету саласында істейтін қызметкерлеріне
(N 3 қосымша) мынадай салалық коэффициент белгіленсін:

"Бурабай" геофизикалық обсерваториясы мен

N 35 геофизикалық тобына - 1,15

Ядролық физика институтына - 1,4

Курчатов қаласындағы Орталық объектілеріне - 2,1

Өнеркәсіп аймақтарының шалғайдағы объектілеріне - 2,6

4. Орталықтың инженер-техникалық қызметкерлері мен жұмысшыларына қызметкерлердің тиісті санаттарына 1993 жылғы 1 қаңтарға дейін "Луч" ФӘБ Біріккен экспедициясында қолданылып келген тарифтік ставкалар мен лауазымдық жалақыға қарай бірыңғай тарифтік ставкалар мен лауазымдық жалақылар белгіленсін.

5.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың күші жойылған - ҚРУ-нің 1997.04.29. N 686 қаулысымен.

P 9 7 0 6 8 6 _

6. Орталық құрамына енген кәсіпорындарға ұстемеақы, қосымша ақы жүйесі және зиянды, аса зиянды, арнаулы еңбек жағдайы үшін өтем жасау сипатындағы басқа да жеңілдіктер сакталсын.

7. Орталыққа енгенге дейін кәсіпорындар мен ұйымдарда қолданылып келген, осы қаулыда және Қазақстан Республикасының басқа заңдық актілерінде көзделмеген ынталандыру сипатындағы ұстемеақы мен қосымша ақы төлеу жойылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 14 сәуірдегі

N 301 қаулысына

N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы
бас дирекциясының басшы лауазымдары мен негізгі

мамандары лауазымдарының

ТІЗБЕСІ

Бас директор

Бас директордың орынбасары

Бас инженер

Бас инженердің орынбасары

Ғалым хатшы

Заңгер

Бас директордың референті

Жоспарлау-экономика бөлімінің бастығы

Бас бухгалтер

Кадрлар бөлімінің бастығы

Материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің бастығы

Кеңсе бастығы

Патенттік-ақпараттық-ағартушылық бөлімінің бастығы

Халықаралық байланыс бөлімінің бастығы

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 14 сәуірдегі

N 301 қаулысына

N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық

орталығының негізгі жұмысында істейтін

қызметкерлерінің кәсіптері мен лауазымдарының

ТІЗБЕСІ

Орталықтың бас директоры, бас директордың орынбасары, бас инженер, ғалым хатшы, ғылыми консультант Институттың, ғылыми-өндіріс бірлестігінің директорлары, институт директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, институт филиалының директоры, ғалым хатшы Ғылыми зерттеу бөлімдерінің, лабораториялардың, ғылыми зерттеу бөлімінің құрамына кіретін лабораториялардың бастықтары Бас, жетекші, аға, кіші ғылыми қызметкерлер Бас инженер, директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары, зерттеу реакторлары кешенінің бас инженері, үдеткіш кешенінің бас инженері. Зерттеу реакторлары кешенінің, үдеткіш кешенінің технологиялық қызметтер бастықтары, өндіріс бастығы мен бас инженері Дербес бөлімдер бастықтары: конструкторлық, технологиялық, есептеу орталығы т. б. Бас: механиктер, энергетик, метролог т. б. бас мамандар; бөлімдер бастықтары: энерго-механикалық, техникалық бақылау, цех бастығы, АҚГ Конструкторлық, зерттеу, есептеу, тәжірибелік және басқа дербес бөлімдер құрамына кіретін бюrolар (топтар), ғылыми-зерттеу лабораториялар бастықтары, ауысым бастықтары, зерттеу реакторлары кешенінің көмекші қызметтерінің бастықтары Бөлімше (цех)бастығы, гараж бастығы, колонна бастығы Жетекші инженерлер: конструктор, технолог, бағдарламашы, электроншы, реактордың негізгі

қызметтерінің, ғылыми-техникалық бөлім құрамына кіретін лабораториялардың жетекші инженерлері Инженерлер: конструктор, технолог, бағдарламашы, электроншы, реактордың негізгі қызметтерінің, ғылыми-зерттеу бөлім құрамына кіретін лабораториялардың инженерлері Зерттеу реакторлар кешенінің көмекші қызметтерінің жетекші инженерлері мен инженерлері Басқа қалған бөлімшелердегі бюrolар (топтар), бастықтары Техниктер: әртүрлі санаттағы және мамандықтағы конструктор-технолог, сыйушы-конструктор, аға лаборант, лаборант Автомобиль көлігі кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмысшылары Өндіріс цехтары мен бөлімшелерінде тікелей негізгі технологиялық, электрлік және энергетикалық, тәжірибелік және ғылыми жабдықтарды, машиналарды, механизмдерді, электрондық есептеу техникасын, бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикасын жөндеу және баптау жұмысында істейтін мерзімді жұмысшылар Металл және басқа материалдарды станокта өндеу, металл өндеу станоктарында кесу, металдар мен басқа материалдарды сұық қалыптау, аспаптар мен технологиялық жабдықтарды жасау мен жөндеу жұмысында істейтін мерзімді жұмысшылар Құрылыш-жөндеу, тиек-түсіру, қамтамасыз ету бөлімшелерінде ғимараттар мен үйлерге ағымдағы жөндеу мен күтім жасау және өндірістік сипаттағы қызмет көрсетуші тұрмыс қажетін өтеу бөлімшелерінде жұмыс істейтін мерзімді жұмысшылар Өрттен қорғау жеке командасының бастығы, өрттен қорғау қарауылсының бастығы I және II класты өрт сөндірушілер

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 14 сәуірдегі
N 301 қаулысына
N 3 қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық
орталығының қызмет көрсету саласында істейтін
қызметкерлерінің кәсіпптері мен лауазымдарының
Т И З Б Е С І

Бас бухгалтер, жоспарлау-экономика бөлімінің бастығы Экономист, бухгалтер, аудармашы, заңгер-консультант Барлық санаттағы электронды есептеу мәшинелерінің операторлары, көшіргіш және көбейткіш мәшинелердің

операторы, құжаттар түптеушісі Кітапхана директоры, кітапхана секторының менгерушісі, жетекші кітапханашы, барлық санаттағы кітапханашылар ӘӘҚ жеке командасының бастығы, бөлімше командирі Аға тауаршы, инспектор, шифрлаушы, арнаулы қойманың, орталық қойманың, кенсенің менгерушілері, әскери есепке алу және төлкүжат столының бастықтары Тауаршы, инспектор, шифрлаушы, мәшинеге басу бюросының, іс жүргізу, архив, қойма, шаруашылық менгерушілері, диспетчер, жабдықтау агенті, дербес кәсіпорын дирекциясының хатшысы Аға кассашы, есепші архивариус, бағалаушы, I және II санаттағы мәшинешілер, үйлер комендантты, кассашы, есепші, аға табелші, іс жүргізуші, хатшы-мәшинеші, архивариус, бағалаушы, табелші ТКШ бастығы, демалыс базасының бастығы, ұйымдастыруши педагог, жатақхана менгерушісі, комендант, тәрбиеші, медбикеш, іс жүргізуші, табелші, төлкүжатшы, жатақхана кезекшісі Аула сыпыруши, кастелянша, аға қоймашы, қоймашы, қышқылдар мен химикаттар қоймасының қоймашысы, кір жуу және арнаулы киімдерді жөндеуші мәшинеші I және II класты ӘӘҚ-ның атқышы Елді мекендерді көркейтуші, жұмысшы, көмекші жұмысшы, жұмыс орнында ласты қолмен тазалайтын жұмысшы, үйлерге, ғимараттар мен жабдықтарға техникалық күтім жасайтын және ағымдағы жөндеу жүргізетін жұмысшы Қызмет үйін, өндірістік үй-жайларды, жатақханаларды, сатылар алаңын жинап-тазалаушы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК